




Көлікті тіркеуге қатысты алаңдаушылық жоқ

4-5-беттер



ШАРА

ЕРІКТІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛАДЫ



ІІМ Көліктегі Полиция департаменті және оның желілік бөліністері қызметкерлері еліміздің әуе және темір жол көлігі нысандарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні аталған нысандардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісі – еріктілердің үлкен қызығушылығын тудыруда. Осы орайда, департаменттің Әкімшілік полициясы басқармасының ұйымдастыруымен еріктілер кездесуі өз жалғасын тапты.

Бұл жолы тағы да көлік полицейлерімен кездесуге ұсыныс білдіріп, белсенділік танытқан еріктілер – Менеджмент және бизнес колледжінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығының студенттері.

Кездесу департамент ғимаратында орналасқан мұражайдан басталды. Онда Ардагерлер кеңесінің төрағасы Есболат Шаймерденов еріктілерді департаменттің құрылу тарихымен және бүгінгі

тынысымен таныстырды. Есболат Жұмағатұлы оларға негізгі қызметтер мен бөліністер, қызмет көрсету аумақтары жөнінде кеңінен баяндап берді. Әсіресе, ардагердің қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан әріптестері, олардың қылмыскерлерді ұстау кезінде көрсеткен ерен ерліктері туралы әңгімесі өте әсерлі болды. Әңгіме барысында еріктілер де өздерінің көкейлерінде жүрген

сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптар алды.

Бұдан соң экскурсия «Нұрлы жол» вокзалында жалғасты. Еріктілер вокзалдағы полиция кезекші бөлімінің жұмысын көріп, Жолаушылар пойыздарына ілесіп жүру батальоны қызметімен танысты. Олар кинология мамандарының қызметтік іздестіру иттерімен жүргізген ойындарының өздеріне мол әсер қалдырғанын жасырмады.

«Бүгінгі күн – біз үшін ерекше есте қалмақ. Полицейлер қызметі туралы есту бір бөлек болса, көру бір бөлек екен. Еріктілер – өздерінің бос уақыттарын қоғам игілігі үшін жұмсайтын жандар болғандықтан, бұл кездесу бізге үлкен серпін бергендей. Полицейлермен бірге қоғамдық тәртіпті қадағалау ісіне біз де өз үлесімізді қосқымыз келеді», – дейді колледждің II курс студенті Алдаберген Темірлан.

Кездесу соңында еріктілер экскурсия үшін департамент басшылығына, оның Әкімшілік полициясы басқармасына шынайы алғыстарын жеткізді.

Еске сала кетейік, Көліктегі Полиция департаменті бұған дейін «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру мақсатында қылмыстың алдын алу бойынша өзара іс-қимыл жасау және ынтымақтастық жөнінде еліміздің 25 білім беру мекемесімен меморандум жасасқан болатын.

Оның ішінде 21 колледж, 2 университет, 1 академия және 1 оқу басқармасы бар.

Көліктегі ПД баспасөз қызметі



3-бет

«Айбын» ордені берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен қызметтік борышын атқару үстінде көз жұмған полиция Дархан Базарбаев III дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.



3-бет

Еңбегі елдің есінде

ІІМ-де КСРО ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, полиция генерал-лейтенанты Владимир Симаченконың 70 жылдық мерейтойы аталып өтті.



6-бет

GSM-сигнализациясы – тиімді қорғаныш

Өңірлерде мүлктік ұрлық қылмыстарының алдын алу, оның ішінде, қаладағы пәтер ұрлықтары мен ауылдық жерлерде мал ұрлығы қылмыстарының жолын кесу, ескерту және алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу мақсатында «Бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын алу, ескерту, анықтау, ашу және тергеу бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі жөніндегі» 2018-2020 жылдарға арналған бағдарлама қабылданған болатын.



7-бет

Күдікке толы көріністер

Есірткі қылмысына және есірткі құралдарының жарнамасын таратуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар биылғы жылдың 11 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Тұрмыстық газ түбіңе жетпесін!

Адамзат үшін тұрмыстағы ықтимал қауіп көздерінің бірі – табиғи газ баллондары. Олардан болатын өлім қаупі, әсіресе қысқы уақытта төмен ауа температурасы кезінде артады. Баллонды толтыру кезінде автоматиканы бақылаудың болмауы нәтижесінде оның сыйымдылығынан асатын көлемде газ құйылып жатады, бұған тыйым салынады.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін қауіпсіздік талаптарын сақтау жеткілікті. Батыс Қазақстан облысы ТЖД күнделікті өмірде газ қауіпсіздігінің негізгі ережелері туралы ескертеді:

Тыйым салынады



Газ пайдаланылатын құралға 14 жасқа дейінгі балаларды, қолының ебі жоқ және мас күйдегі адамдарды жақындатуға



Газ пайдаланылатын құралдарды өз бетіңше қосуға және өшіруге



Ақауы бар газ пайдаланылатын құралды іске қосуға



Газ плитаның жанғып тұрған отына киімді кептіруге



Пайдаланғаннан кейін үй-жайда орналасқан баллонның бұрандаларын ашық қалдыруға



Газдың шығып жатқан жерін табу үшін отты пайдалануға



Үздіксіз жұмыс істеуге арналған құралдардан басқа жұмыс істеп тұрған газ пайдаланылатын құралдарды қараусыз қалдыруға



Сығымдалған көмірсутек газ құйылған баллондарды дербес баллондық қондырғыға қоспай сақтауға



Егер жағдай бақылаудан шықса, «101», «112» телефондарына дереу хабарласу керек! Батыс Қазақстан облысы ТЖД Зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау саласындағы бақылау басқармасы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Сотталғандардың сауапты ісі

Жуырда Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/13 қоныс колониясында жазаның қалған бөліктерін өтеп жүрген сотталғандар Алматы қаласында тұратын мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп, игілікті іс бастады.



Гүлнәр МАҒЗУМОВА, Алматы қаласы

Бұл бастамаға ұйытқы болғандар – сотталғандардың өздері. Олар

аталған түзеу мекемесінің бастығына өтініш айтып, мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұсын беруді өздеріне үлкен парыз санайтынын жеткізді. Түзелу жолына түскен сот-

талғандардың мұндай бастамасын қуана құптаған колония бастығы, әділет подполковнигі Руслан Габибов Алматы қаласы Түркістан ауданындағы мүгедектер қоғамынан көмекке мұқтаж адамдардың мекенжайын алып, игілікті іске қолдау көрсетті.

Сотталғандар ең бірінші болып 1-топтағы мүгедек К. Шыңғызбаеваның үйіне барып, аула аумағын тазалап, отынын жарып, оны жинап берді. Сондай-ақ, мұндай көмек 2-топтағы мүгедек А. Әділоваға да көрсетілді.

Жеке үйде тұратын мүгедек адамдардың қыстың қыраулы күнінде қол күшіне зәру екені анық. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар аула қарын тазалау, отын дайындау сияқты жұмыстарына қолғабыс жасаған сотталғандарға жүрекжарды алғыстарын айтып, олардың тезірек бостандыққа шығып, отбасыларына оралуларына тілектестік білдірді.

КИНОЛОГИЯ

Технология иттерді алмастыра алмайды

Ақмолалық қызметтік иттердің арқасында өткен жылы 900-ден астам қылмыс ашылды.

Қазіргі заманғы техникалық құралдардың, әр түрлі аппаратуралардың тұрақты дамуына қарамастан, полиция қызметін айтарлықтай жеңілдететін қызметтік иттің қылмысты ашудағы рөлі күн сайын өсіп келеді.

Айта кету керек, өткен жылы қызметтік-ізвестіру иттері ізін суытпай ауыр емес және ауырлығы орташа 986 қылмысты ашуға қолданылған, иттерді пайдалану арқылы 932 қылмыс ашылды, оның ішінде ұрлық бойынша – 50; тонау – 29; есірткі құралдарын заңсыз қолданғаны үшін – 39.

Полицияда қызметтік иттерді оқыту бірнеше бағытта жүргізіледі. Патрульдік-бекеттік қызмет үшін мұндай иттер полиция жасақтары күшейтеді.



Олар есірткі заттарын іздеу бойынша 73 рет қолданылды, 71-і ашылды. Алынған есірткі заттары барлығы – 11 келі 571,7 гр.

Ақмола облысы ПД баспасөз қызметі



Ойлан, тап!

Құрастырған Ескендір ТАСБОЛАТ

						Қашықта
Музыкалық пьеса	Басқару мекемесі	Желаяқ ... Болт				Түркі лауазымы
Көміртек (орыс)	Құмырсқа ордасы	Киа моделі	Латын әрпі			Қошқар ... кесенесі
		Құлжа (қытай) Жекелей	Ғалам-шар			Үнді есімі
	... Ургант	АҚШ штаты				Құрметті орын
	Отқа табынушы кітабы	Қыз есімі				

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор Махаббат Сәдуақасова

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор: Ескендір ТАСБОЛАТ
Ақпарат бөлімінің меңгерушісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ
Аға тілші: Индира АХМЕТОВА

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Коллажға рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС баспаханасында басылады. Индекс: 65395
Таралымы: 9 374
Тапсырыс: № 91

«Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС-і Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеп көшесі, Оқтүстік-шығыс т/а. (сол жағы), 602 тел: 99-77-77
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KСJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8(7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ Фототілші: Медет ӘШІРБЕКОВ

Нөмірдің кезекшісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ